

Сонымен қатар оқырман күнделігі бақылау қызметін де атқарады. Ата-аналар мен мұғалімдер баланың қаншалықты жүй және қандай көлемде кітап оқитынын бақылап отыра алады.

Тұрақты оқу жаттығулары арқылы оқушылардың оқу жылдамдығы мен мәтінді түсіну деңгейі артады, бұл олардың жоғары сыныптарда табысты білім алуына ықпал етеді.

Кітапхана бұрыштары

Оқушыларды кітап оқуға тарту мақсатында мұғалімдерге әр сыныпта кітапхана бұрыштарын ұйымдастыру ұсынылды.

Бұл бұрыштар оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға және бос уақыттарын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

«Маған оқып берші!» іс-шарасы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Маған оқып берші!» атты іс-шара өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Маған оқып берші!» атты іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында:

- 3 «Б» сынып оқушысы Темірғалиева Ерке «Балаларға арналған жануарлар энциклопедиясы» кітабынан үзінді оқыды;
- 4 «В» сынып оқушысы Даниярова Сафина мектеп кітапханасы қорындағы Валерий Кастрючинаның «Орман алқабының ертегілері» кітабынан үзінді ұсынды.

Бастауыш сынып оқушылары үзіліс кезінде кітапханаға келіп, энциклопедияларды қызығушылықпен қарап, түрлі сұрақтар қояды.

Оқушылар арасында әсіресе:

- жануарлар туралы;
- ғарыш туралы;
- динозаврлар туралы;
- әскери техника туралы энциклопедиялар ерекше сұранысқа ие болды.

Есепті кезеңде бастауыш сыныптар арасындағы ең белсенді оқырмандар 2 және 3-сынып оқушылары болды.

Кітап көрмелері және тәрбиелік іс-шаралар

Кітапхана қызметінің маңызды бағыттарының бірі – кітап қорын кітап көрмелері арқылы насихаттау.

Оқу жылы бойы күнтізбелік және атаулы күндерге арналған кітап көрмелері ұйымдастырылып, безендірілді. Олар оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға және олардың танымдық көзқарасын кеңейтуге ықпал етті.

Ұйымдастырылған көрмелер:

- 1 наурыз – Алғыс айту күні;
- Қазақстан халқы тілдері күні;
- Қарттар күні;
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні;
- Наурыз мерекесі;
- Халықаралық балалар кітабы күні;
- Ғарышкерлер күніне арналған «Ғарыштық одиссея» көрмесі;
- Қазақстан халқының бірлігі күні;
- 9 Мамыр – Жеңіс күні.